

**ЦИКЛОГРАММА**  
*Бірінші апта (05.03-09.03. 2018 ж.)*  
**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата-аналармен әңгімелесу  Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)  Танертенгі гимнастика (5 мин)	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:</b> Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру				
	Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат»	Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс әрекетті тап»	Саусақ ойыны: «Менің отбасым»	Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр»	Дидактикалық ойын: «Лото»
	<b>№5</b>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Көркем сөз:</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолды жу. Тазалықтың досы – Су дегенің осы. <b>Ойын- жаттығу:</b> Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз				
<b>Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b>	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	<b>№3.8 «Ажырат»</b> <b>Мақсаты:</b> қысқы киімдерді жазғы киімдерден ажырата білу <b>Шарты:</b> Қысқы киімді көк қорапқа, жазғы киімдерді сары қорапқа салу, оларды атау	<b>№5.11 «Кемпірқосақ түстер» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың түстер жайлы білімдерін бекіту. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші бір түсті атайды, ал балалар есіңе сондай затты түсіріп атайды	<b>№3.13 «Табиғат құбылысы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар шеңбермен тұрады, тәрбиеші «су»десе қолдарын алдына созады, «ауа» дегенде жоғары көтереді, «жер»дегенде	<b>№5.17 «Кім тез табады?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту. <b>Шарты:</b> Текшеде отбасы суреттері көрсетілген суреттерді көрсету. Балалар текшеде бейнеленген отбасы мүшесін жылдам айтады.	<b>№2.14 «Бізге не келгенін тауып ал?»</b> <b>Мақсаты:</b> Айтылуы мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. <b>Шарты:</b> «мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Аслан?» дейді тәрбиеші.

			қолдарын төменге түсіреді. кім жаңылса сол ойыннан шығады.		«мяу-мяу, Әйгерімсаған келіп тұрған не?», «Айдыңға біреу келді пи-пи» деді. Ол не? Ойын осылай жалғаса береді
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Шашырап жүру және жүгіру. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5–2 м арақашықтықтан және көлденеңінен (2–2,5 м арақашықтықта) оң, сол қолмен лақтыру. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу.</p> <p><b>Барысы:</b>  1. Шашырап жүру және жүгіру.  2. Ж.Д.Ж.  3. Негізгі жаттығу. – биіктігі 1,5 .1,5–2 м арақашықтықтан және көлденеңінен оң, сол қолмен лақтыру.  - Гимнастикалық</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>Мақсаты:</b> Жай қарқында үздіксіз жүгіру. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтап, көз мөлшерін дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b>  1. Жай қарқында үздіксіз жүгіру.  2. Ж.Д.Ж.  3. Негізгі жаттығулар  - Гимнастикалық орындық бойымен ішпен қолмен тартылып еңбектеу.  - Допты екпінмен</p>	<p><b>ҚҰМҚ</b>  <b>Мақсаты:</b> Топтарды салыстыру. Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Барысы</b>  1. Жұмбақ жасыру  2. 1-тапсырма Д.О.№3.21 «Биік-аласа»  3. 2-тапсырма Д.О.№3.10 «Жұбын тап»  4. Сергіту сәті  5. Қортындылау</p> <p><b>Музыка.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру,</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүру. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтап, көз мөлшерін дамыту. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.</p> <p><b>Барысы:</b>  1. Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүру  2. Ж.Д.Ж.  3. Негізгі жаттығулар:  - Допты екпінмен лақтыру  - Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.  4. Қ.О. №1.18 «Допты кім алысқа лақтырады?»</p> <p><b>Көркем әдебиет.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қазақ халқының салт-</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Мақсаты:</b> Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері туралы білімін кеңейту. Халық өнеріне, Қазақстанда өмір сүретін халықтардың мәдениетіне қызығушылығын дамыту. Қазақ халқының салттарына, дәстүрлеріне бейімдеу.</p> <p><b>Барысы:</b>  1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру.  2. Тақпақтар жаттау.  3. Сергіту сәті  4. Д.О. №2.7 «Шапалақта» Қортындылау.</p> <p><b>Сурет салу</b>  <b>Мақсаты:</b> «Киіз үйді өрнектейік» Дөңгелек және сопақша пішіндегі</p>

<p>орындық бойымен ішпен қолмен тартылып еңбектеу. 4.Қ.О. №1.14 «Қақпаға дәлдеп тигіз» Қортындылау</p> <p><b>Жаратылыстану.</b> <b>Мақсаты:</b> Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен таныстыру.</p> <p><b>Барысы:</b> 1.Балалармен әңгіме ұйымдастыру. 2.Кесіртке, тасбақамен таныстыру. Видео. 3.Д.О. «Бізге кім келгенін тап» 4.Сергіту сәті Қортындылау</p> <p><b>Музыка.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары</p>	<p>лақтыру 4. Қ.О. №1.9 «Тышқан аулаушы» Қортындылау</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Мақсаты:</b> Қағаздан «оригами» типі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Барысы:</b> 1.Шағтық шеңбер 2.Сұрақ-жауап 3. «оригами»әдісін қолданамыз. 4.Д.О. №3.19 «Көп және біреу» 5.Сергіту сәті Қортындылау</p> <p><b>Вариативтік компонент</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ертегіні сахыналауға үйрету. Достыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Барысы:</b> 1.Жұмбақ жасыру. 2.Сұрақ-жауап. 3. «Қолғап»ертегісін</p>	<p>дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.</p> <p><b>Барысы:</b> 1. Ән тыңдау: «Анажаным» (Бота Бейсенова) 2.Дауыс жаттығуы: «Мезгілдермен жаттығамыз» 3.Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев) 4.Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі 5.Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Гизатов)</p>	<p>дәстүрлері туралы әңгімелеу. Балалардың әңгімелеу барысында сұрақтарға жауап беру біліктерін бекіту.</p> <p><b>Барысы</b> 1.Балалармен шағын әңгіме жүргізу 2.Сұрақ-жауап. (Видео ) 3.Сергіту сәті 4.Мақал жаттау. Қортындылау.</p> <p><b>Мүсіндеу.</b> <b>Мақсаты:</b> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу техникасын жетілдіру.</p> <p><b>Барысы</b> 1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру. 2.Д.О. №4.1 «Түсіне қарай орналастыру» 3.Саусақ жаттығуы 4. Домалату әдісі бойынша жұмыс жасау</p>	<p>ою-өрнекті құрастыру, ұлттық ою-өрнектерді, қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру. Патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.</p> <p><b>Барысы:</b> 1.Жұмбақ жасыру 2. Балалармен шағын әңгіме жүргізу 3. қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану 4.Д.О: №4.14 «Қандай түс» Қортындылау.</p> <p><b>Вариативтік компонент.</b> <b>Мақсаты:</b> а) Балаларды туыстық атаулармен таныстыра отырып, дұрыс атауға, оларды бір – бірінен дұрыс ажырата білуге тәрбиелеу (нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы әпке т.б) ә) Сұрақ – жауап арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту. б) Отбастарын сыйлай</p>
--	---	--	---	--

	<p>туралы сұрақ – жауап алмасу. Өнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.</p> <p>Барысы</p> <p>1. Өн тыңдау: «Анажаным» (Бота Бейсенова)</p> <p>2. Дауыс жаттығуы: «Мезгілдермен жаттығамыз»</p> <p>3. Өн айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев)</p> <p>4. Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі</p> <p>5. Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов)</p>	<p>драматизациялау</p> <p>4. Сергіту сәті</p> <p>5. Желіммен жұмыс</p> <p>Қортындылау</p>		5. Қортындылау	<p>білуге тәрбиелеу.</p> <p>Барысы:</p> <p>1.</p>
Серуен:	<p><b>1. Бақылау.</b> Қараторғайды бақылау. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру,</p>	<p><b>1. Бақылау.</b> Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау. Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа, масаларды</p>	<p><b>1. Бақылау.</b> Құстарды бақылау. Мақсаты: сауысқан, торғай, қарғаның қимыл-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б</p>	<p><b>1. Бақылау.</b> Ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға</p>	<p><b>Бақылау.</b> Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға</p>

	<p>ұқсастығын көрсету. Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру.</p> <p><b>2. Қимылды ойындар:</b> «Арқан тартыс», «Қуыспақ» «Құстар мен машиналар»</p> <p>Мақсаты: Ептілікке баулу.</p> <p><b>3. Жеке жұмыс.</b> Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету.</p> <p><b>4. Еңбек.</b> Құстарға жем шашу.</p> <p><b>5. Көркем сөз.</b> Жұмбақ. Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды)</p>	<p>бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету.</p> <p><b>2. Қимылды ойындар:</b> «Масаны ұстап ал» «Үйсіз қоян».</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету.</p> <p><b>3. Жеке жұмыс.</b> Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.</p> <p><b>4. Еңбек.</b> Жәндіктерге нан кикымын беру.</p> <p><b>5. Көркем сөз.</b> Құмырсқа батыр, Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап.</p>	<p><b>2. Қимылды ойындар:</b> «Құстар мен мысық», «Ақ серек, көк серек» «Үшты-үшты»</p> <p><b>3. Жеке жұмыс.</b> 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру.</p> <p><b>4. Еңбек.</b> Телімді жинастыру.</p> <p><b>5. Жұмбақ жасыру.</b> Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Үшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)</p>	<p>жұмыстану.</p> <p><b>2. Қимылды ойындар:</b> «Кеглиді көздеп құлат» «Ормандағы аю»</p> <p>Мақсаты: Ептілікке баулу.</p> <p><b>3. Жеке жұмыс.</b> 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру.</p> <p><b>4. Еңбек.</b> Ойын алаңының коқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.</p> <p><b>5. Көркем сөз.</b> Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)</p>	<p>жаттықтыру</p> <p><b>2. Қимылды ойындар:</b> «Дәуіт пен қарлығаш», «Біз көңілді балалар»</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>3. Жеке жұмыс.</b> 2-3 баламен алғашқы ұшып келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу.</p> <p><b>4. Еңбек.</b> Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну.</p> <p><b>5. Көркем сөз.</b> Жұмбақ жасыру. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты. (қарлығаш)</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын-әрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау.				
<b>Түскі ас</b>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.</p> <p style="text-align: center;"><b>Ойын- жаттығу:</b> Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз</p>				

<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p> <p>Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лактарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.</p> <p><b>Ойын- жаттығу</b> :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</p>				
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Үстел барысында дұрыс отыру.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші» «Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. Төреханға ермексазды илеу әдісін көрсету	Ойын – жаттығу «Қуыршақты жуындыр»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика	Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру;
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем»(сурет қарастыру) <b>Мақсаты:</b> қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз » <b>Мақсаты:</b> баланың сөздік қорын туыскандарының атауларын білдіретін	Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру	Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүруді үйрету (Ерасыл, Нұрасыл)	Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері туралы білімін кеңейту.
		Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» <b>Мақсаты:</b> баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Көктем айының мерекелері <b>Мақсаты:</b> қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын «Атын атап бер» <b>Мақсаты:</b> түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	

		сөздермен байыту.			
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: серуенге шығу.				
<b>Серуен</b>	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аналарымызға қандай сыйлық сыйлаймыз», « 8наурыз кімдердің мерекесі?» және т.б.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады.

**Тәрбиеші:** Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

*Мексирілігі: Бая*